

Бекітемін
Құрман орта мектебінің директоры :

Н.Ж.Таушанова

« 26 » тамыз 2022 ж

Құрман орта мектебінің
2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханашысының
"Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында
ұйымдастырылған жұмыс жоспары

Кітапханашы : Қ.Ш.Қалиева

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектеп кітапханасын интернет жүйесіне қосуға адами әлеуетті дамыту бөліміне сұраныс беру	Жыл бойы	Мектеп директоры кітапханашы
2.	Электронды ресурстарды ұйымдастыру және интерактивтік тақталар, электрондық жеткізгіште ақпараттық ресурстарды өңдеу және іздеу, электронды каталог, картотека жасау.	Жыл бойы	мектеп директоры кітапханашы
3.	«Менің сүйікті кітабым» сынып бөлмесінде көрме ұйымдастыру.	Жыл бойы	кітапханашы
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында «Досына кітап ұсын» тақырыбында «Кітап – адамзаттың асыл қазынасы» атты кітап көрмесі	Жыл бойы	кітапханашы
5	«Кітап оқып, рухани бай болайық» атты үзілісте кітап оқуды ұйымдастыру	Жыл бойы	кітапханашы
6	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, әр түрлі жастағы балаларға арналған кітаптармен таныстыру, оқу сағатын өткізу.	Жыл бойы	кітапханашы
7	Буккросинг алаңдарында, кітапханада оқушыларға көркем әдебиет сөрелерін жабдықтау	Жыл бойы	кітапханашы

8	Қазақстан Республикасының тілдер күніне орай кітап	09.2022 ж	кітапханашы
---	--	-----------	-------------

	көрмесі. «Кітап оқып, рухани бай болайық»		
9	«Абай дана, Абай дара, қазақта мәнерлеп оқу	09.2022ж	кітапханашы
10	А.Байтұрсынұлының «Маса» өлеңдер жинағына 110 жыл толуына байланысты мәнерлеп оқу	10.2022 ж	кітапханашы
10	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқу сәнді» тақырыбында Зейнеп Ахметованың «Күретапыр» кітабынан дөңгелек үстел	10.2022 ж	кітапханашы
11	Мұхтар Әуезов 125 жылдығына орай Әуезов әлемі	10.2022	кітапханашы
12	«Кітап –ақылды қуаттандыратын құрал» кітап көрмесі	11.2022	кітапханашы
13	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Отбасымен бірге оқимыз атты дөңгелек үстел	11.2022	кітапханашы
14	Мектебімізде «Кітап оқыған адам-табысты адам» атты оқу сағаты	11.2022	
15	«Ғажайып әдебиеттер» танымдық сағат	11.2022	кітапханашы
16	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Қыран елім –Қазақстаным» атты мәнерлеп оқу	12..2022 ж	кітапханашы
17	«Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында Парасат майданының жауынгері Т.Әбдікұлының өмірбаяны мен шығармашылығына библиографиялық шолу	12.2023	кітапханашы
18	Әдептілік – тәрбие бастауы атты дөңгелек үстел	01.2023	кітапханашы
19	«Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ» кітап көрмесі	01.2023	кітапханашы
20	Қазақтың лирик ақынының туған күніне орай Ғасыр ақыны атты кітап көрмесі	02.2023	Кітапханашы
21	Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына орай	02.2023	Кітапханашы

	«Т.Ахтанов 100 жаста» атты танымдық сағат		
22	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында С.Торайғыровқа 130 жылдығына орай танымдық шара	03.2023	Кітапханашы
23	Көктемгі демалысты тиімді өткізу мақсатында Әлем әдебиетің бірге оқимыз	03.2023	кітапханашы
24	Жерлес ақын Нұрлыбек Қалауовқа 70 жыл толуына орай әдеби кеш	04.2023	кітапханашы
25	Халықаралық кітап және авторлық құқық күгіге орай іс-шара	05.2023	кітапханашы
26	Ұлы отан соғысына орай мәнерлеп оқу	05.2023	кітапханашы
27	«Жаз-2023» жазғы сауықтыру лагері. «Жаз кітаппен бірге»	Жазғы лагерь	кітапханашы

Құрман орта мектебінің кітапхана жұмысының 2022-2023 оқу жылында жасаған жұмысына талдау

Кітапхана- оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Жеке тұлғаның жақсы оқуын, білуге құмар болып өсуін, кітапты көп оқып, оқуды қажырлылық көрсетуін, жалпы рухани дүниесі бай болуын қадағалайтын орын кітапхана. Баланы кітап оқуға әуестендіру үшін кітапханада өткен іс шаралар.Тамыз айынан бастап мектеп кітапханасының жұмыс жоспары жасақталып мектеп директорына бекітілді. Осы жұмыс жоспар бойынша мынандай жұмыстар жүргізілді. Азқамтылған көп балалы жанұя балаларына тізімін жасақталып оқулықтар таратылды. Мектеп оқушыларына оқулықтарды дайындап таратылды. Жас кітапханашылар тобын құрып осы топтармен жұмыс жасалды. Кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптарды қорға енгізілді. Биылғы қордың өсуі 1458 дана оның ішінде 2022-2023 оқу жылында 375 дана әдеби кітаптар келіп әдеби қорлар толықтырылды. Жалпы кітап қоры 7425 дана оның 5214 данасы мектеп оқулықтары 1812 дана көркем әдебиттер. Кітапханада оқырман саны 250 , келушілер саны 500 кітап беру саны 4282 таратылды.

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жасалған жұмыстар. "Оқуға құштар мектеп" жобамыздың іске асырылуы ықпал етеді.

Жобаның мақсаты:Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

Осы мақсатында біздің мектепте оқушыларға сыныптар бойынша кітаптар таратылды «Кітап оқып, рухани бай болайық» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме 1-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. Тақырыбы «Кітап оқып, рухани бай болайық»
Мақсаты : Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі тәстүрлі кітапхананың ағартушы роліне тоқталып, мектеп кітапханаларында кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап айтқан еді. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын бастады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың кітап құмарлығын арттыруға бағытталған. Оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету. Сөздік қорларын молайтып, шешендік өнерге баулу.

«Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» үкіметтің қаулысына сәйкес Қазақстан халқы тілдері күні 5-қыркүйекте тойланды.

Қортынды : Балалар, адамды жұбататын да, ақыл беретін де, күш-қуат беретін де, ой-сана беретін де , болашағынан да қол үзеді. Міне осындай даналық сөздер бізге тіл арқылы жетті емес пе ? Олай болса біздің тілге деген құрметіміз шексіз. Кітап көрмесіне қойылған кітаптар Мемлекеттік тілде іс жүргізуге көмекші құрал Ақтөбе 2008 -230 бет Ана тіліне тағзым Мұзафар Әлімбаев Атамұра 2014 ж-240 бет Тарту А.Байтұрсынұлы Алматы «Мазмұндама» 2022 -264 бет Әдебиет танытқыш А.Байтұрсынов Алматы «Атамұра» баспасы 2003-208 жыл және т.б кітаптар қойылды.

«Абай дана, Абай дара, қазақта» атты мәнерлеп оқу өтті. Мақсаты : Ұлы ақынның туған күніне орай ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау өлеңдерінің әндерін мәнерлеп айтқызу. Абай шығармашылығын сүйіп оқуға өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып білім-ғылымға құштарлығын арттыру жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге тәрбиелеу. 18 оқушы қатыстырылып оқушылар марапатталды.

Қортындысы : Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпес із, өлмес өсиет қалдырып кетуді ақын сөзімен айтсам Өлді деуге сыя ма, ойландаршы. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған. Қасиетті қара сөздерінің ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алдық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер – кез келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар беруші, ақыл қосушы. Бүгінгі сабағымызда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлеңімен аяқтағым келеді. Асыл сөзді іздесең Абайды оқы, ерінбе. Адамдықты көздесең. Жаттап тоқы көңілге Балалар Абайдың өзі «Болмақсан да құсап бақ» деген екен, біз Абай атаны жадымызда ұстайық.

Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағына селолық кітапханамен бірлесіп «Маса» жинағына талдау өткізілді.

Мақсаты : Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған Жинаққа қойған атына ол едеуір ой, салмақты жүк артқан деуге болады. Ызылдап ұшқан мынау біздің маса сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәуелейтін астарлы бейне екені көрінеді.»Масаның» негізгі идеялық қазығы –жұртшылықты оқуға, өнер-білімге рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Қортындысы : Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы –көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқу сәнді» тақырыбындағы сайысымызға Зейнеп Ахметова «Күретамыр» кітабымен бастауыш класс ұстаздарымен біріктіріліп дөңгелек үстел өткізілді. Бұл кітапта қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырым-тыйымдарына қатысты өскелең жас ұрпаққа түсіндіріліп, мол мағлұмат беріледі. Осы айтылған ақыл – кеңестер арқылы бұрынғы заманмен бүгінгі замандағы жаңаны ұштастырып, ұлттық болмыстан айнымай, қазақы тәлім – тәрбиенің мәнін ұғындырады. Кітапта құрсақ шашудан бастап, баланың алғашқы мүшелігіне дейінгі аралықта салт-дәстүр, жөн-жоралғылар барынша қамтылған. Бұл кітапта халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мағанасы айтылған Дөңгелек үстелге 19 оқырман қатысты.



Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай «Дәуірдің дара тұлғасы Әуезов әлемі » атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты : білімдік,М.Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеуҚортындысы Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайтарып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір,әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар –Толстойды, американдықтар –Драйзерді, немістер –Гетені қалай зерттеп,зейіндесе, қазақтар Әуезовті солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ,күшеймек,жалғаспақ.Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға,сақтауға үйретеді.

Тақырыбы : « Кітап-ақылды қуаттандыратын құрал»

Мақсаты : : «Каникулда кітап оқимыз» атты республикалық марофоны аясында Құрман орта мектебінде « Кітап-ақылды қуаттандыратын құрал» атты кітап көрмесі өткізілді. Ұлы Абайдың «Танымның бар тамашасы –кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге, Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» деген мағаналы сөздерінен кітап оқудың кез-келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Сондықтан да жақсы кітаппен әрдайым дос бол, кітаптың сырын ұқ, білімнің биік шыңына шық! Кітапханаға келген жаңа кітаптармен таныстырылды

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Тақырыбы : Отбасымен бірге оқимыз атты дөңгелек үстел өткізілді Дөңгелек үстелге үш отбасы қатысты. Қатысқан отбасылар марапатталды.

Мақсаты : баланы терең ой мен саналы білімге жетілдіруде кітаптың орнын түсіндіру, кітапты тандау, оны оқып баланың жүрегіне жеткізудегі ата - ана ролі. Ата - ана мен бала арасындағы кітап жайлы көз қарастарын білу, қоғамға парасаты биік азамат тәрбиелеудегі кітаптың алатын орны туралы әңгімелесу.Жаңаша көзқарас, пікір, ой қалыптастыру арқылы рухани тәрбие насихатталады. Қағамдағы жағымсыз жайттардың ұрпақ тәрбиесіне тигізер кері әсерлерін болдырмау жолдары, бос уақытын тиімді пайдалану, кітап оқу т.б қарастырылады.

Отбасымен бірге оқимыз



Мектебімізде «Кітап оқыған адам-табысты адам» атты оқу сағаты болып өтті. Мақсаты оқушыларды әдеби кітап оқуға насихаттау арқылы оларды кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ғажайып әдебиеттер атты іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға 4-10 класс оқушылар арасында болды.

Мақсаты : «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларға көркем әдебиет ертегі, нақыл сөздер, батырлар жыры, халық аңызы, А Құнанбаевтың қара сөздерін оқыту арқылы жалпы көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылықтарын оятып, алдағы уақытта оқулыққа деген ынталарын арттыру. Қортындысы : «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ғажайып әдебиеттер атты 4-10 сынып арасында кеш өткізілді. Кеште сұрақтар жұмбақтар әзірленіп қатысқан оқушыларға 1-3 орындарға марапаттар мақтау қағаздары берілді. Кештің соңында оқушылар сұрақтар жұмбақтар әзірленіп қойылып сыйлықтар тапсырылды. Кешті Қымбат Әбілдақызының «Кітап оқы» атты өлең жолдарымен аяқталды. Оқырмандардың жетістігі жөнінде айтылып жақсы сабаққа қатысқан оқушыларға марапаттар берілді.

«Балалар әлемі» жобасы шеңберінде балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту және ілгерілету, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде екінші орын иеленген Шаймерденова Айшолпан марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай « Қыран елім- Қазақстаным » атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты : Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сұюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімді ояту. Қортындысы Балалар, бүгін біздің дербес ел болып, уығымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып Қазақстан Республикасы атанып, көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі-осы Тәуелсіздікке кеп жеткізуіміздің арқасы Олай болса Тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай, оны ең қымбат бұйымыздай құрметтеп, келер ұрпақтар қолына аманаттап тапсыруға тиіспіз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ. Оқушыларға марапаттар беріліп 1-3 орын алған оқушылар марапатталды. Міне, бүгінгі мәнерлеп оқу кеші өз мәресіне жетті. Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын.

«Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында Парасат майдангері Т.Әбдікұлының өмірбаяны мен шығармашылығына библиографиялық шолу 6-7 сынып оқушылар арасында жасалды

Әдептілік – тәрбие бастауы атты дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты : оқушыларға үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету, сәлемдесу туралы мәлімет беру,оның инабаттылық, әдептілік адалдық қасиеттің негізгі арқауы екенін ұғындыру, жаман әдептен аулақ болуға, ата-анаға мейірімді, айналадағы заттарға ұқыпты қарауға адалдыққа, адамгершілікке, жолдастыққа сыйластыққа қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. 7.01.2023ж



Балаларды зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында «Зорлық –зомбылықсыз бақытты балалық шақ» атты кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты : Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету.

Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай тақырыбы : Ғасыр ақыны атты кітап көрмесі өткізілді.

Мақсаты : Оқушыларды қазақтың лирик,мұзбалақ ақыны,өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын атанған Мұқағали бейнесімен таныстыру. : Халқына қалдырған шоқтығы биік туындыларына шәкірт жүрегінде сүйіспеншілік сезімін ояту, үлгі алуға,құрметтеуге тәрбиелеу.3.02.2023 ж



«Оқуға құштар мектеп» жабасы аясында «Біз балдырған оқимыз» атты іс-шара ұйымдастырылды



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тахауи.Ахтанов 100 жаста» атты әдеби сағат 10 сынып оқушыларымен 16.03.2023 жылы өткізілді.

Мақсаты : «Оқу марафоны» акциясы аясында жоғары сынып оқушыларымен жазушы, драматург Тахауи Ахтановтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Т.Ахтанов 100 жаста» атты әдеби сағаты өтті. Шарада оқырмандар жазушының «Қаһарлы күндер» шығармалар жинақ кітабымен таныстырылды




« Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай Сөз сұлтаны – Сұлтанмахмұт 7 сынып оқушыларымен танымдық шара 24.03.2023 жылы өткізілді. Мақсаты : Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі және шығармашылығымен таныстыра

отырып жас оқырмандарды адамгершілікке қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке әдептілікке еңбексүйгіштікке үйрету, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып жаманнан жиренуге, жақсыны үйренуге тәрбиелеу, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын артыру.



Оқушылардың көктемгі демалысын тиімді өткізу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әлем әдебиетің бірге оқимыз атты іс –шаралар жоспарына сай 4-10 сынып аралығында ұйымдастырылды.

Тақырыбы Нұрлыбек Қалауов шығармаларының тағылымдық мәні атты жерлес ақынымызға 70 жыл толуына орай әдеби кеш өткізілді. Кеш 8 сынып оқушыларымен өткізілді Жерлес ақынымыздың Таразы жүрек кітабынаң Шабытты шақ, Ширайтын сәт ,Ойыл, Бес қонақтан» кейін, Сар далам, Толқындар соғып т.б. өлеңдері оқылды. 19.04.2023 ж



Халықаралық кітап және авторлық құқық қорғау күніне арналған «Оқуға құштар мектеп» және REDx жобасы аясында «Кітаптар әлемінде» атты REDx-форматында оқушылар арасындағы байқауда белсенді қатысқаны үшін 8 сынып оқушысы Шаймерденова Айшолпан және 9 сынып оқушысы Есказина Нұрай алғыс хатпен марапатталды.

«Ерен ерліктері есімізде» 8 сынып оқушылар арасында мәнерлеп өлең оқу сайысы үйірме мүшелері арасында ұйымдастырылып оқушылар марапаталды

Мақсаты : Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

«Ұрпаққа үлгі болған ерлік» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғыс ардагерлерінің ерліктерімен таныстырылып Бауыржан Момышұлының кітаптары көрмеге қойылды. Оқушыларды әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулылды. Оқулықтармен жұмыс жасалып , әдеби көркем оқулықтар дер кезінде тапсырылды.